

Д. Б. Есімбекова

МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ХРОНОТОП

Қазіргі әдеби даму мен көркемдік ізденістер әдебиеттану ғылымының алдына күрделі міндеттерді шешуді қоюда. Сондай міндеттердің бірі - әдебиеттегі мифологизм мәселесі, мифопоэтикалық құрылым, оның көркемдік-идеялық қызметі.

Әдебиеттегі мифологизм, мифопоэтика туралы пайымдаулар әлемдік әдебиеттану ғылымында өзінің бастауын әріден алады. Адамзат санасының алғашқы дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болды. Әдеби шығармадағы көркемдік шындықтың бейнеленуінде мифтік негізде туындаған образдар мен сюжеттер жүйесі маңызды қызмет атқарғаны белгілі.

Ұлттық әдебиеттануымыз ұзақ уақыттар бойы мифопоэтика, мифошығармашылық, мифологизм сияқты түсініктерге бойлап ене алмады. Орыс және шетел әдебиет зерттеушілері бұл мәселеге тереңдей назар салып, қомақты зерттеулер жүргізсе де, әлі де болса аз қарастырылды дейді.

Қазақ ұлттық әдебиеттануда бұл мәселеге енді назар аударылуда. Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі және әр дәуір әдебиеті нұсқаларындағы мифтік сарын, мифтік бейнелеулер туралы зерттеулер сирек кездеседі. Әдебиет пен мифологияның өзара байланысы зерттеу назарынан тыс қалып келе жатқаны да айдан анық. Мифтік дүниетаным, сол негізде туындаған аса бай

ойлау жүйесі ұлттық дүниетанымымызды айқындап қана қоймай, сол мифтік сана жемістері бейнелеу жүйесіне көшіп, көркемдік тәсілдің үлкен бір арнасын қалыптастырды.

«Поэтикалық мифологияның эстетикалық негізделу сипатын былайша жіктеуге болады:

- табиғат құбылыстары мен күштері тылсым күш иелері, құдіретті құдайлар дәрежесінде бейнеленетін мифтік сюжеттер;
- мифтік мотивтер немесе жекелеген бейнелер – мифологемдер жүйесінің түзілуі;
- жаратылыс негізінде айқындалатын әлемнің мифтік моделі (қалпы);
- символдық, аллегориялық мәнге келтірілген мифтік бейнелеулер;
- бейнелеуіш құралдарға негіз болған мифологиялық ойлау» [1, 18].

«Қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алады. Бұлай болуы заңды да. Сахарада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде тіпті жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезінуі таңғаларлық нәрсе емес», – дейді академик З.Ахметов [2, 316].

Төмендегі кесте негізінде үш халықтың (қазақ, үнді, грек) мифологиясындағы ортақ мифопоэтикалық хронотоптарындағы өзіндік ұғымдары мен бейнелерін салыстыра қарастырайық.

Халық	Рәміздік-нышандық мәдениеттегі бейнелер			
Қазақ	Бәйтерек (Көктерек)	Қазығұрт Қаратау Сарыарқа	Жылқы (пырақ) Төр түлік	Сүткөл
Үнді	Париджата	Меру	Піл / Өгіз	Сарасвати Ганга
Грек	Лавр ағашы	Олимп Геликон Парнас	Ешкі / Пегас	Стикс

«Ежелгі адам жансыз затты білмеді десе де болады, – деп атап көрсетеді А. Н. Афанасьев, – олар бәрінен ақыл мен сезімді, еркіндікті көрді. Орманның шуылынан, жапырақтардың сыбды-

рынан ағаштардың өзара құпияға толы әңгімелескенін естіді»

[3; 138].

Қазақ аңыздарындағы **Бәйтерек** - Жер мен

Көктің тоғысқан жерінде алтын бұтақты, алқа жапырақты зор Бәйтерек өсіп шыққан. Бәйтеректің ұшар басы Үлкен Тәңір мекендейтін Жоғарғы әлемге дейін жетеді. Ол Жоғары әлем мен Төменгі әлемді байланыстыратын дәнекер ретінде сипатталады. Оның ұшар басында сиқырлы ғажайып құс Самұрық ұя салған делінеді. Ол әсем де асқақ құс бақыттың, бейбіт өмірдің, береке мен молшылықтың нышаны [4,27].

Үнді мифтеріндегі **Париджата** деген атпен белгілі болған қасиетті ағаш жайында: «Индра - құдайлардың әміршісіне арналып аспанда Париджата деген ғажайып ағаш пайда болды, оның гүлдерінің хош иісінен әлем тамаша күйге бөленеді. Париджата қыста да, жазда да жап-жасыл желекке бөленіп, гүлдеп тұрады. Оны Индра өзінің сүйікті жары Шачиге сыйға тартқан еді» [5,32].

Грек халқындағы қасиетті ағашқа айналған **Лавр ағашы** әлі күнге дейін киножұлделерде, олимпиада мен түрлі өнер салаларында жеңімпаздардың басына тәж кесекінде кигізіледі. Ал оның қасиетті де қастерлі ағашқа айналғаны жайында гректерде «Дафна» аңызы сақталған: «Эрот алтын қанаттарымен серпіп жіберіп Парнас тауынан екі жебе алып шығады. Махаббатты оятатын, жүректі жаралайтын жебені Аполлонның, ал сезімді өлтіретінін өзен құдайы Пенейдің қызы нимфа Дафнаның жүрегіне атады.

Күндердің күнінде Аполлон сұлу Дафнаны кездестіріп, ғашық болып қалады. Бірақ Аполлонды көрген бетте Дафна желдің жылдамдығымен қаша жөнеледі.

- Тоқташы, сұлу нимфа, сен неге қасқыр көрген қозыдай менен қашасың? Сен бүркіттен құтылатын көгершіндей зымырадың. Мен саған жау емеспін ғой! Мен жай бақташы емеспін, найзағай құдайы Зевстің ұлы Аполлонмын!

Бірақ Дафна одан сайын қатты жүгіреді. Қатты демігіп, шаршаған қыз әкесі Пенейге жалбарынады:

- Әкешім! Жер, сен ажырап, мені жұтып қойшы! Менің бұл бейнемді тартып алыңдаршы, ол маған қасірет әкеледі!

Осы сөздерді айтысымен-ақ оның мүшелері жансызданып қалады. Нәзік денесін қабыршақ қаптап, шаштары жапырақтарға, аспанға көтерілген қолдары бұтақтарға айналады.

Әбден қапаланған Аполлон:

- Сен жасыл желегің менің басыма әшекей болсын. Лавр, сен мәңгі жасыл болып жайнап тұр!»[5, 14-15].

Көшпенді халықтың өмірінде **жылқының** маңызы өте зор болғандықтан, халқымыздың салт-дәстүрлеріндегі жылқы түлігінің алар орны ерекше.

Халықтың салт-санасында жылқы - жоғарғы әлем, интеллект белгісі, ата-бабалар символы. Мәселен, батырлар жырында, жылқы тек көлік қызметін атқарушы ғана емес, ер қорғаны, ақылшысы ретінде көрініп, иесін қорғап-қоршап жүреді, тіпті адамша сөйлеп, ақыл-кеңес те береді. Осы орайда Г.Гачевтің пікірінің маңызы ерекше. Ол өзге жануарлар адамға қызмет етеді, ал жылқыға адам қызмет етеді және оны ар санамайды, өйткені жылқы – тәңірдің тірі бейнесі, нұры, жылқы әлемнің жоғарғы бөлігі/ Жылқыдан өзге жануарлардың бәрі жерлік, олар жерге тартылады, жерге қарайды, ал жылқы алдына, жоғарыға қарайды, ат үстіндегі адам да жоғары әлем мүшесі, сондықтан ол да жер мен оның тартылысынан босаған дейді.

Жалпы жылқыға табынушылық, дәріптеушілік тек қазақ халқы ғана емес, басқа да көптеген халықтардың тарихында да (мысалы, ежелгі римдіктерде, гректерде, қытай елінің тарихында, ежелгі үнді еуропа елдерінде) кездесетін құбылыс. Көптеген елдердің мифологиясында да жылқы ерекше қасиетті түлік ретінде бейнеленеді. Мысалы, елдігіміздің белгісі - елтаңбада қанатты тұлпар бейнесі кескінделген. Тұлпар - күннің, қозғалыстың, тұрақтылықтың символы. «Ол геральдистер тілінде арыстанның жүректілігін, қыранның қырағылығын, өгіздің ғаламат қара күшін, еліктің ғажайып көзге ілінбес шапшаңдығын, қырмызы қызыл түлкінің қалай да болса жауын жер соқтырар айлакерлігін білдіреді». Ал қанатты тұлпар қазақ поэзиясында асқақ арманның, шабыттың белгісі. Жылқы, сонымен бірге, асқан байлықтың (алалы жылқы), сән-салтанаттың да белгісі.

Сонымен, атқұмар, атжанды қазақ халқы үшін жылқы - қозғалыс көзі, өмір сүру, тіршілік ету формасы. Жылқы - әлемнің жоғарғы бөлігі, интеллект белгісі, ата-бабалар символы. Жылқы - тәңірдің тірі бейнесі, нұры. Жылқы - күннің, қозғалыстың, тұрақтылықтың символы. Қазақ поэзиясында асқақ арманның, шабыттың белгісі. Байлықтың, сән-салтанаттың да белгісі - жылқы. Жылқының мынадай атаулары киелі мәнді болып келеді: *қаралы ат, тұл ат, егей аты, өздік ат, қаза аты, асқа қоя берген ат (асына арналған ат), маңдайға басқан ат* және т.б. Сондай-ақ құрамында негізгі сөз ат болып келетін тіркестердің де ырымдық семантикасы бар: *ат құйрығын майлау, атын тұлдау, аттың басын кебіндеу, аттың басын жерлеу, аттың қу басын жастанып жату* және т.б.

Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Ертерек кездерге тұмар мал, құс сүйектерінен немесе тастардан жасалатын.

1. Жануардың сүйектерінде құдіретті күш бар. Қазақтардың ойынша, қары жілік малды ит-құстан сақтаушылық қасиеті жағынан бақташыдан кем түспейді. Ұры-қарыдан, қасқырдан аман сақтайды, ол бірақ өлім-жітімнен аман алып қала алмайды деп Ильминский мырза қате түсінік береді (қараңыз: Археологиялық қоғам Шығыс бөлімшесінің Хабарлары, 1860, №5 шығ.). Жілікті қазақ үйге тура монғолдар сияқты жасап, орналастырады. Гомбаевтың айтуынша, монғолдар жұқа екі сүйектің арасына шөп тығады. Сүйек осы күйде құрық ұстаған бақташыға ұқсайды. Қазақтардың таным-сенімдерінде, қары жілік адамға ұқсаған бейнесімен ұры-қарыдан сақтайды. Қазақтар бұл сүйекті қары жілік дейді. Қары өзгертілген хариту сөзінің баламасы емес пе екен? Осы қары жілікті қазақтар ер-тұрманның әбзелі есебінде және ат пен ер-тоқымды сақтаушы деген нанымда, ердің алдыңғы қасына іліп қояды.

Қазақтардың мифологиялық түсініктерінде жылқы – желден, түйе – сордан, қой – оттан, сиыр – судан, ешкі – тастан жаратылған деп есептеледі. «Қияли, идеалды түлікті түйеде – жампоз, жылқыда – тұлпар, сиырда – тынжы, адамда – алып атаған. Түлікте кездесетін “асылдарды” қаратіл (сиырда), желмая, тұлпар, келепан деген» [7,176].

Сондай-ақ грек халқында Пегас деген жылқының ақындар шабыты нышанына айналғанын білеміз. Грек мифологиясындағы қанатты тұлпар Персей жеңіп, басын кескен Горгона Медузаның денесінен (қаны тамшысынан) жаралған. Ол Океанның жанында пайда болғандықтан, *pegasos* (*pegai*) – қазақша мағынасы «буырқанған», «бұлақ», «көз». Оның тұяғының тақылдан Геликон тауында Гиппокрена бұлағы шықты, ол бұлақтан ақындар шығармашылық өнер пен шалқар шабытты иеленген.

Қазақ халқы секілді **үнділерде** де жылқыны пір тұтқан. Ол туралы «Мифы древней Индии» еңбегінде былай делінген: «Уччайхшравас – зооморфтық нышан, аспандық ақ тұлпар. Ол әуелгіде Индраның (найзағай құдайы) мінген аты болды. «Мұхиттың тасуы» мифінде: «Мұхит тұңғығынан ақ түсті ғажайып ат пайда болды, ол адамның ақылы мен қиялы секілді жүйрік, әрі шапшаң еді. Қазіргі жылқы тектес жануарлардың түп атасын да Индра өзіне тұлпар етіп мінді» [5, 32]. Кейін «Рамаянада» Күн құдайы – Сурьяның сенімді серігіне айналды [5, 209].

Үнді халқында ерекше құрметке ие болған – жануар – **піл**. Индраның алып, аппақ, бұлт сияқты пілі – Айравата қалаға кіре берісті күзетіп тұрады. Ол сүтті теңізден жаралған, сондықтан да киелі болып саналған. Одан тараған дигнат-пілдер жер шарын төрт жағынан ұстап тұрады екен [5,33]. Сондай-ақ Турдан басқа қолға үйренген үй бұқасының да суреті кездеседі. Ол жер жыртқан кездегідей соқаға немесе арбаға жегілуі күйде бейнеленген. Үндістан мен Иранның мифтері мен діни әдебиетіне сүйенсек, күн құдайы Митра — құрбандыққа шалған бұқаның мүшелерінен жасалған делінеді. Сондықтан Митра бұқамен қатар қойылады. Сонымен, бұқа — құнарлылық, құдырет пен қуаттың бейнесі.

Андроновтықтардың жартасқа салған суреттерінде жиі кездесетін бейне — ай мүйізін алға кезеп, шоктығы күдірейіп, алып денесі шиыршық атып, әлеуетті аяқтарымен жер тіреп тұрған турдың — жабайы бұқаның суреті. Ғалымдардың зертеулеріне сүйенсек, бұл бейнелер неолит дәуірінде пайда болған.

Қасиетті су туралы қазақ мифтерінде: «Сумер (Хан Тәңірі) тауында жердің киесі, жер мен судың иесі - **Жер-Су** тұрады.

Сумер тауының ұшар басында **Сүткөл** бар. Сүткөлдің шығысына қарай қызыл сулы үлкен көл орналасқан. Бұл көл жай көзге көрінбейді екен. Сол суда Кер балық, яғни теңіз жануарларының иесі тіршілік етеді екен. Оның ішінде жан-ұрықтар жаратылады. Кер балық қажеттілігіне қарай жан-ұрықтарды жер мен судың иесі - Жер-Суға беріп отырады» [8,15].

Стикс - грек мифологиясындағы Арония тауының аңғарымен ағатын өзен. «Ол Океан мен Тефиданың қызы болған. Бір миф бойынша, титан Паланттан бірнеше балалары болады. Титандармен соғыс кезінде Стикс Зевске көмектеседі. Оның қалауынша, өзеннің антымен ол құдайлар мен адамдарға ең қасиетті әйел болады. Өзеннің суымен ант берген құдай бір жылға ұйқыға кетеді, ал одан кейін тоғыз жылға Олимптен құп алады. Бұл мифте судың құдіретті күші жайында айтылады. Стикс атауын алған өзен Аркадийге дейін ағып жатады» [9,165].

Үнді мифтеріндегі киелі деп танылған өзен - **Сарасвати**. Оны күнәларды жуып-шаятын киелі орын деп санаған. Өзеннің мұхитқа құятын жерінде жуынған адам барлық күнәларынан арылады деп есептелген. Бұл өзеннің аты Сарасвати деген өнер мен ғылым құдайы, Брахманың жұбайының құрметіне қойылған. Сол сияқты Ганг өзені жайлы да қызықты, тартымды

мифтер мен аңыздар баршылық. Мәселен, «Тео-софиялық сөздікте»:

«Ганг Индияның негізгі киелі өзендерінің бірі. Ол жайындағы мифтер екі арнадан туындайды: бірінші – Ганга құдай-ана өзенге айналып, Вишнудың бас бармағынан ағады; екінші – Ганга Шиваның құлағынан бастау алып, Анаватепта көліне құяды, одан шығып, **күміс сиырдың** аузынан (Гомукха) бүкіл оңтүстік Индияны бойлап, Оңтүстік Мұхитқа құйылады. Эйтельдің пікірінше, Ганг өзені Иордан мен Крещение өзендері секілді адамдарға күнәдан, ауру-сырқаудан арылуға септігін тигізеді. Расында да, Ганг өзені бүгінгі таңға дейін қасиеттілігі мен емділігін жергілікті халыққа ғана емес, бүкіл әлем туристеріне паш етуде.

Қасиетті тауларға келетін болсақ, қазақ халқында ерекше орын алатын тау - **Қазығұрт** екені баршамызға аян. Ол туралы мынандай аңыз бар: «Жасаған түү баста жер мен көкті жаратқанда Қазығұрт тауы да бірге жаралған. Өзі аласа тау болса да, таулардың қасиеттісі, Жер жүзін топан су басып кеткенде аман қалған екен. Қазығұрт тауының күн батыс жағында азырақ тегіс жер бар. Ол жер Нұх пайғамбардың кемесінің орны дейді.

Қазығұрттың басында бір үңгір болса керек, ол үңгірдің үстіне шаншып қойған ағашты Қазығұрт атаның моласы дейді екен. Басқа жерлерде бұлт болса да, Қазығұрттың басын бұлт шалмайды» [4,13].

Қазығұрт – киелі қорған немесе адамзат бесігі. «Шымкент-Ташкент-Самара» жолында таудың басында орналасқан ағаш пен металдан жасалған «ұшатын» кеме көрініп тұрады. Қазығұрттың таңғажайып табиғаты мен заңғар таулары талай аңыздарға арқау болған. Мұнда рәміздік мәдениеттің көптеген ескерткіштері сақталған. Тау бөктерінде Ақбура, Тамшы бастау, Кеме қалған, Қазығұрт атаның моласы секілді киелі орындар бар. Үңгірде салынған мешіт, жер асты қорғандары мен Шелтір ата, Өңгір ата, Оспан аталардың мазарлары да тарихи-этнографиялық құндылықтарға толы. Осы жерде өнегелі өмірімен Орта Азияда әйгілі болған ата-баба әруағын әспеттеуші дана, жебеуші қарт Қошқар атаның мазары орналасқан. Тіпті өңірдегі Қошқар ата бұлақты өзенінің пайда болуын Шымкентте қарттың қасиеттілігімен байланыстырады. Ал грек халқындағы Олимп тауы құдайлар мекені болған. Ол аспанның ұшар басында орналасқан. Онда мәңгілік мамыражай жаз болған. Бақтары хош иісті гүлдерге толы екен.

Үнді елінде гректердегі Олимпке сәйкес ерекше әспеттелетін тау - **Меру**. Қасиетті тауды Күн, Ай және ғаламшарлар айналып жүреді дейді.

Миф бойынша: «Ол жердің дәл ортасында, яғни Джамбудвипа құрлығында орын тепкен. Құрлықтың жан-жғын тағы алты материк және алты мұхит қоршайды. Оның биіктігіне тіпті адамның қиялы жетпейді, шындары аспан күмбезіне тіреліп, күн шуағын шашады. Оның таңғажайып ағаштары мен шөптері көздің жауын алады, ағынды өзендері төменге қарай ағады, жартастары асыл тастармен әшекейленген. Онда кү-дайлардың керемет сарайлары орналасқан. Меруде құдайлар дем алатын Нандана бағы бар [5,41].

Әлем жаратылысы туралы мифтер мен аңыздар негізінде эпос, лирика, драма, саз өнері сияқты көптеген өнер жанрлары мен түрлері қалыптасты. Қазіргі таңда да архаикалық мифтер мен аңыздар сюжеттеріне құрылған көптеген өнер туындылары дүниеге келуде. Халықтың шарықтаған қиялы мен шексіз ойынан туындаған мифтер мен аңыздар әрдайым бізді елік-тіріп, қызықтыра беретіні анық.

Мифтік таным қабатында этнотарихи мазмұн да басым. Мифтік әңгімелердің астарында тарихи кезеңнің шынайы оқиғалары, қоғамның әлеуметтік-саяси қалпы жатыр. Белгілі бір халықтың басына кешірген тарихи оқиғалары миф түрінде әңгімеленіп, сол әңгіме мазмұнына жаңа мағына үстеді.

1. Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. Монография. Алматы: Арыс. – 2009. – 320 б.

2. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б. Афанасьев

3. А. Н. Поэтическое воззрение славян на природу. В 3 т. – т. 2. – М., 1994. – 356 с.

4. Қазақтың аңыз-ертегілері. Шыңжаң: Ұлттар баспасы, 2002.

5. Мифы древней Индии. Москва: «Наука», 1975. – 238 с.

6. Кун Н.А. Легенды мифы древней Греции. Алма-Ата, Жалын, 1985.

7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985.

8. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2008. – 256 бет.

9. Мифы народов мира. Москва. Советская энциклопедия. 1988. 2-том. К-Я.

10. Иманғазин М.М. Антика әдебиеті. Алматы, 2009.

В статье рассматривается мифопоэтическая хроно-группа и символические образы в мифологии народов мира. Автор сопоставляет место мифологических произведений в мировоззрении греческого, индийского и казахского народов, определяет их особенности и различия. Также рассматривается концепт «священные символы» методом компаративистики.

* * *

In the article the mythopoetic group is observed as soon as symbols in the mythology of the people of the world. The Author is trying to compare the place of mythology in Greek,

Indian and Kazakh people's mind, also to give definition their differences identifies. Also the concept of "saint symbols" is watching up throuont the method of comparative.

С. Ж. Жуанышпаева

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫММЕН БАЙЛАНЫСЫ (Ғ.МҰСТАФИННИҢ «ДАУЫЛДАН КЕЙІН» РОМАНЫ БОЙЫНША)

Этнолингвистика – белгілі бір тілді сол халықтың этногенезі, тұрмыс салты мен әдет-ғұрпы, күнделікті тіршілігі, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысы, материалдық және рухани мәдениеті тарихымен тығыз байланыста зерттейтін тіл білімінің жаңа салаларының бірі.

«Кез келген этностың тілінде оның басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр. Оның кейбір нұсқасы бүгінгі ұрпаққа тас мүсіндер мен жартастарға қашалған жазулар арқылы ескі архитектуралық ескерткіштер мен ғимараттар арқылы жетуі мүмкін. Бірақ, бұлар өткен мәдени рухани өмірдің мың да бір елесі ғана, ал этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады»- деген Ә. Қайдар пікірін [1, 34-б.] басшылыққа ала отырып, тіліміздегі топонимдерді лингвомәдени тұрғыдан зерттеу – бүгінгі таңда ономастиканың келелі мәселелерінің біріне айналып отыр. Әсіресе, ұлттық топонимия этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан жер-су атауларын жүйелеу арқылы халықтың қоршаған ортаға көзқарасы, дүниетанымы, этикалық дәстүрі, эстетикалық талғамы, ұлттық психологиясы, тұрмыс - салты, әдет - ғұрпы мен танымы туралы мағлұмат алуға, яғни ұлттық этнографияның пішім - бейнесін толық аңғаруға болады.

Әрбір географиялық атаудың ішкі формасының пайда болуына себепші болған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды қарастыру барысында оним мен ақиқат шындықтың бейнесі аралық ұштастық анықталады. Онимнің апеллятивтік негізінің денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық т.б. мағыналық құрылымының өзіндік сипаты арасындағы байланыс сараланады. Бір халықтың таным әлемінің индивидуалдық сипаты мен ұлттық таным арасындағы сабақтастық, олардың әрқайсысына тән өзіндік белгілер т.б. тілдік құбылыстардың сан

алуан қыры айқындалады. Өйткені тілдік таңба ретінде халық объектінің түрін, түсін, пішінін, көлемін көзбен көру арқылы қабылдаған. Бұл қабылдауда ұлттық нышандар болады. Олар тіл иесінің көркем ойлау жүйесінің нәтижесі ғана емес, ұлт тіршілігінің барлық саласын қамтитын этномәдени құбылыс, тілдік деректер. Демек, лингвомәдениеттанымдық аспектіде анықталатын тілімізде қолданылып жүрген жер-су атаулары жалпы халықтың өмір сүрген әр кезеңінен ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік сипат арқалаған тілдік бірліктер деп те, қазақтың таным әлемі мен ат қою дәстүрі аралық қатынасты танытатын тіл деректері деп те санауға болады.

Ұлттық топонимдердің сипаты тек тілдік фактілермен ғана ерекшеленбейді, сонымен қатар белгілі бір аймақтық физикалық, географиялық жағдайына, жергілікті халық өмірінің этникалық мәдени ерекшеліктеріне және сол аймақтың әлеуметтік тарихына байланысты қалыптасқан себептермен де ерекшеленеді. Кез келген аймақтың топонимиясын зерттеуде дәстүрлі түрде үшке бөліп қарастыру дағдысы қалыптасқан:

1. Географиялық фактор;
2. Этнографиялық фактор;
3. Тарихи-әлеуметтік фактор.

Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романының ономастикалық кеңістігіне жер-су, ру, ел, тайпа аттары да енеді. Шығарма тілінің топонимиялық кеңістігі көркем туындыда өрбитін оқиғаға сай жазушы тарапынан таңдалынып алынған нақты өңірдің жер-су атауларына негізделеді. Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романына негізінен Қарағанды өңірінде кездесетін топонимдер арқау етіледі. Ғ.Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романындағы топонимдерді үш топқа бөлуге болады:

- белгілі субъект немесе субъектілермен байланысын білдіретін топонимдер;